

Қазақстан Республикасының Ганновердегі дүниежүзілік "ЭКСПО-2000" көрмесіне қатысуын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 тамыз N 1211. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.08.31. N 816 қаулысымен. ~P980816

"Қазақстан Республикасының Ганновердегі дүниежүзілік "ЭКСПО-2000" көрмесіне қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қаңтардағы N 57 қаулысын жүзеге асыру және республиканың көрмеге қатысуын ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Дүниежүзілік "ЭКСПО-2000" көрмесіне Қазақстанның экспозициясын дайындау жөніндегі ұйымдастыру комитеті қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып:

Дүниежүзілік "ЭКСПО-2000" көрмесіне Қазақстанның экспозициясын дайындау жөніндегі шаралар жоспары мен шығыстар сметасын әзірлесін және оны бекітсін;

ұлттық павильон үшін республика экспозициясының басты тақырыбы белгіленсін;

орталықтан алу жобаларының бағдарламасы үшін "Адам-Табиғат-Технологиялар" тақырыбы бойынша жобаларды іріктесін;

көрме жұмысына қатысудың барлық кезеңіне мәдени және ойын-сауық бағдарламаларының тұжырымдамасын жасасын;
экспозициялардың мөлшері мен қажетті алаңын анықтасын.

3. "Атакент" "Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамына "ЭКСПО-2000" көрмесіне республиканың экспозициясын дайындау үшін Атқарушы дирекция құру ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстанның аталған іс-шараға қатысуына байланысты "Атакент" акционерлік қоғамы жанындағы Атқарушы дирекцияның қызметін қаржыландыруға шарт жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі ұсынған шығыстар сметасына сәйкес 1998 жылдан бастап дүниежүзілік "ЭКСПО-2000" көрмесіне республиканың Экспозициясын дайындау үшін қаржыландыру тетігін

айқындасын және жыл сайын қажетті қаражаттың бөлінуін көздесін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын осы қаулының жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат ұ с ы н ы п о т ы р с ы н .

7. "Қазақстан Республикасының Ганновердегі дүниежүзілік "ЭКСПО-2000" көрмесіне қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қаңтардағы N 57 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 4 , 19-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "Өнеркәсіп және сауда министрлігі" деген сөздер "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3, 4, 5-тармақтардағы "Өнеркәсіп және сауда министрлігі" деген сөздер "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 4 тамыздағы
N 1211 қаулысына

қосымша

Дүниежүзілік "ЭКСПО-2000" көрмесіне Қазақстан
Республикасының экспозициясын дайындау жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің

ҚҰРАМЫ

Шүкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары - Қазақстан
Республикасының Экономика және
сауда министрі, төраға

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым
министрі - Ғылым академиясының
президенті, орынбасар

Алесин В.И. - Қазақстан Республикасы Сыртқы
істер министрінің орынбасары,
орынбасар

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Ақымбеков С.Ш. - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрі

Баев Н.И. - Қазақстан Республикасының Экология
және биоресурстар министрі

- Девятко В.Н. - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
- Дүйсенов Д.Т. - Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрі
- Лавриненко Ю.И. - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі
- Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері ұлттық агенттігінің төрағасы
(келісім бойынша)
- Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары (вице-министр)
- Нұралиев С.Қ. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Сырты байланыстар және хаттама бөлімінің меңгерушісі
- Құлыбаев А.Н. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігінің директоры
- Қасейінов Д.Қ. - Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігі Мәдениет департаментінің директоры
- Рақышев Х.К. - Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының төрағасы (келісім бойынша)
- Нұрышев А.Н. - Аралды құтқару қорының атқарушы директоры
- Ысқақов Б.О. - "Атакент" Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)
- Черманова Г.В. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің бас маманы, жауапты хатшы